

Форт-Шевченко қаласы бойынша жергілікті қоғамдастық жиналыс

ХАТТАМАСЫ №1

5 маусым 2025 жыл

Сағат 10:00

Форт-Шевченко қаласы

Е.Өмірбаев атындағы мектеп

Төраға: Форт-Шевченко қаласының әкімі - Курманов Асылбек Жаншабаевич

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, Ардагерлер кеңес мүшелері, Форт-Шевченко қаласындағы көше бойында орналасқан үй- жайлардың жалпы тұрғындар саны – 650 адам, Қоғамдастық жиналысына барлығы - 108 (16,6 пайыз) адам қатысты.

Хатшы: Форт-Шевченко қаласы әкімі аппаратының нұсқаушысы Т.Қармыс

Күн тәртібінде:

1. Форт-Шевченко қаласының атауы жоқ көшелеріне Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің атауын беру туралы.

Тыңдалды:

1.1. А.Курманов - Құрметті жиналысқа қатысушылар. Форт-Шевченко қаласының атауы жоқ көшелеріне ҰОС жеңістің 80 жылдығына орай, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімдерін беру мақсатында ұйымдастырылып отыр. Форт-Шевченко қаласының Жаңа кетік 3 кварталына – «Бауыржан Момышұлы» атауын беру, Жаңа Кетік 2 а кварталына – «Қошақбаев Тәбіш» атауын беру, «Жаңа Кетік» 4 кварталына «Мұқан Мұңалов» атауын беру, «Жаңа Кетік» 4 кварталына- «Нұрберген Исаев» атауын беру, Жаңа Кетік 2 кварталына - «Қадір Ергенбаев» атауын беру, Жаңа Кетік 4 кварталына- «Құрбан Адырақов» атауын беру, Жаңа Кетік 4 кварталына- «Сисембаев Шам» атауын беру үшін, баяндамасы тыңдалып, осы мәселе төңірегіндегі ой- пікірлеріңізді білдіріп, жиналысқа белсене қатысуға шақырды.

Күн тәртібіндегі ұсынымға сәйкес, ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 1 тамыздағы №211 бұйрығы негізде әзірленген «Әкімшілік- аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары» және 2024 жылғы 24 қаңтарда өткен отырысында мақұлданған ҚР ономастикалық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі әдістемік ұсынымдар негізінде жүзеге асырылатынын айтып өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Қ.Сүйеубаев - Түпқараған аудандық ардагерлер кеңесі төрағасы: Форт-Шевченко қаласының көшелеріне ұсынылып отырған ардагерлердің есімдерін

беруді құптайтынын айта келіп, ардагерлердің Маңғыстау өңіріне сіңірген ерен еңбегін айрықша атап өтті. Және де жеңіс жолында жанын қиғандардың ерлігін ұлықтап, ұрпақ санасына сіңіруді қолға алу керектігін тілге тиек етті.

Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының батыры. Ол Қазақстан тарихындағы маңызды тұлғалардың бірі ретінде тарихи тұлғалар тізімінде ерекше орын алады. Оның есімі үлкен даңғылдарда тұруы тиіс. Сондықтан тұрғындары көп, үлкен қалаларға беруді құптайын деді.

Аманғали Күзембаев – Ардагер:

Ұсынылып отырған ардагердің барлығына келісетінін білдіріп, бірақ Бауыржан Момышұлының Қазақстанның барлық аймағында көшелеріне есімі берілгенін ескеруді сұрады. Ауылымыздың Ұлы Отан соғысы ардагерлеріміздің жеткен жетістіктерін, өмір жолын баса айттып және осы ардагерлерімізді ұсынатымызды айтты.

Гүлсим Рамашева – «Түпқараған аудандық Азаматтық бастамасы» қоғамдық бірлестігі төрайымы:

Ұсынылып отырған тұлғалардың ізімен жүру – біз үшін үлкен жауапкершілік. Олардың әрқайсысы – Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске өлшеусіз үлес қосқан, елі мен жері үшін аянбай еңбек еткен азаматтар.

Сондай-ақ, бұл ардақты адамдарға мін тағатын еш негіз жоқ екенін айтып, олардың ел алдындағы еңбегі зор екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, Қошақбаев Тәбіш, Сисембаев Шам, Мұңалов Мұқан, Құрбан Адырақов, Нұрберген Исаев ағаларымыздың да есімі құрметпен аталып, оның өнегелі жолын насихаттау біздің міндетіміз.

Бауыржан Момышұлының жеңісті жақындатқан қажырлы еңбек жолын барлығымыз білеміз. Бірақ бұл кісінің атына қаншама көшелер бар. Тек Қазақстанда ғана емес, шетелдерде де құрметке ие болған бірегей тұлға. Бұл кісінің есімі бүгінде еліміздегі көптеген көшелерге, білім ордаларына және елді мекендерге беріліп отыр. Мұның өзі – халқының ерлігі мен рухына деген терең құрметтің белгісі. Сондықтан басқа да ардагерлерді елеп ескеру керек екендігін атап өтті.

Ергенбаев.Б.К -Қадір Моншаұлы Ергенбаев - Ұлы Отан соғысында Оңтүстік Батыс майданы 18 армиясы 182 атқыштар дивизияның құрамында шайқасқа қатысты. 1942 жылы Сталинград майданына жіберіліп, 862 атқыштар полкінің құрамында Мамай қорғанының ұрыстарына қатысады. Соғыстан кейін әскери комиссар, партиялық лауазымдарда және ұстаздық жолында еңбек еткен. Көшелерге есімдері ұсынылған соғыс ардагерлерінің барлығының да лайықты екенін, жиналыс ұйымдастыруға бастамашы болған ардагерлер мен ел азамттарына өз алғысын білдірді.

Жиналысты қорытындылай келе ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Форт-Шевченко қаласының тұрғындары Исаев Нұрберген, Мұңалов Мұқан, Тәбіш Қошақбаев, Адырақов Құрбан, Ергенбаев Қадыр, Сисембаев Шам атауларын Форт-Шевченко қаласындағы атаусыз көшелерге берілсін.

Тұрғындардың ой –пікірін тыңдалып, ұсыныстар ашық дауысқа салынды.

Қорытынды:

«Қолдаушылар» -108

«Қарсы»- 0

«Қалыс қалғандар» - 0.

2. Бауыржан Момышұлы есімі Форт-Шевченко қаласындағы атаусыз көшеге берілсін.

Дауыс берді:

«Қолдаушылар» -0

«Қарсы»- 108

«Қалыс қалғандар» - 0

Қабылданған Шешім:

Осы хаттамадан туындайтын өзге де шаралардың Заңнамада белгіленген тәртіппен орындалуын, соның ішінде ұсынымның облыстық ономастика комиссиясының қарауына жолдануын қамтамасыз етуді бақылау өзімде қалады. Қажетті өзге де шаралар қабылдансын.

Жиналыс Төрағасы

А.Курманов

Хатшы

Т.Қармыс